

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Придорожный селолық округін тарату және оның бағыныстылығын Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Богдановка селолық округіне өзгерту туралы**

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-7 шешімі мен Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2013 жылғы 2 мамырда № 3282 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Придорожный селолық округі таратылсын және оның бағыныстылығы Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Богдановка селолық округіне өзгертілсін;

2) Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Богдановка селолық округінің шекарасы өзгертілсін.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы  
С. Шапкенов  
М. Құлшар*

*Сессия төрағасы  
Б. Мырзахметов  
Облыстық мәслихат хатшысы*